

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау (мониторинг)
ХАТТАМАСЫ №6**

Қордай ауылы

28.04.2026 жыл

Қатысқандар: 1. Қордай аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы - Н.Молдабеков.

2. Құрманбекова Сұлушаш Сәтбекқызы – Облыстық Қоғамдық кеңестің білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жастар саясаты және қоғамдық даму жөніндегі комиссия төрағасы;

3. Орынбаева Жанар Рымбековна – Қоғамдық кеңес хатшысы;

4. Зәуірбеков Әуесхан Әскербекұлы – Қоғамдық кеңестің кәсіпкерлік, өнеркәсіп, туризм, су шаруашылығы және жолаушылар көлігі жөніндегі комиссия төрағасы;

5. Дәуренбеков Батырхан Жапашұлы – Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі;

6. Сағынтаев Ғалымжан Таймасұлы – Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі;

7. Жұмаділов Ертай Жатайұлы - комитет мүшесі;

8. Халиев Әділет Талғатұлы – комитет мүшесі.

9. Баймұратова Аягөз Оразбековна - Тараз қалалық көпбейінді ауруханасының және консультативті диагностикалық орталығының гемодиализ бөлімінің меңгерушісі, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас нефрологы, Жамбыл облысының өңірлік трансплантолог – үйлестірушісі.

Аудан тұрғындары, мекеме қызметкерлері, аудандық қоғамдық кеңес мүшелері, ардагерлер кеңесі, аурухана қызметкерлері.

Төрағалық етуші: Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы – Молдабеков Н.С.

Молдабеков Н.С., Өз сөзінде былай деді: Қайырлы күн, құрметті Қордай ауданының тұрғындары, Қоғамдық кеңес мүшелері, аудандық ардагерлер кеңесі және аурухана, мекеме қызметкерлері! Күн тәртібінде қаралатын мәселелер, олар

1. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы, білім басқармасы, сәулет және қала құрылысы басқармасы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармалары және басқармаларға қарасты аудан әкімдіктері бөлімдерінің қызметтеріне а.ж. сәуір айында қоғамдық бақылау (мониторинг);

2. Бүгін Қоғамдық кеңестің мониторингтік тобы Қордай ауданы бойынша аталған салаларға қоғамдық бақылау жүргізеді және азаматтардың өтініш – арыздарын тыңдау мақсатында қоғамдық қабылдау өткізеді.

Күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша Қордай ауданы әкімдігінің денсаулық сақтау, білім беру, сәулет және құрылыс, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі салаларына жүргізілетін қоғамдық бақылау нысандары

туралы сөз Қоғамдық кеңестің мүшесі Құрманбекова Сұлушаш Сәтбекқызына, Орынбаева Жанар Рымбековнаға берілді.

Аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы – Молдабеков Н.С., сөз алушыларға сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ. Жоқ болса, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Премьер-Министрдің орынбасары - Мәдениет және ақпарат А.Балаеваның 2025 жылғы 29 желтоқсандағы «келісім презумциясын» енгізу тапсырмасын орындау мақсатында 22 қаңтарда «Трансплантацияны дамыту туралы» өңірлердің Қоғамдық кеңес төрағаларының қатысуымен дөңгелек үстел өткізген болатын. Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің «келісім презумциясын» енгізу бөлігінде Қоғамдық кеңестерге денсаулық сақтау басқармаларымен бірлесіп, ағза донорлығын дамытуға, донорлық жүйеге деген сенім деңгейін, азаматтардың бейілділігі мен хабардарлығын арттыруға, қоғамда донорлық мәдениетті нығайтуға бағытталған ақпараттық - түсіндіру жұмысын жүргізу ұсынылды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 29.01.2026 жылғы №01-02-09/1143-И хатына сәйкес ағза донорлығын әрі қарай жетілдіру үшін Қоғамдық кеңестердің үйлестіру орталықтарымен бірлесіп және трансплант - үйлестірушілерді тарта отырып, ақпарат - түсіндіру жұмыстарын жүргізуді сұрайды.

Осы мақсатта Тараз қалалық көпбейінді ауруханасының және консультативті диагностикалық орталығының гемодиализ бөлімінің меңгерушісі, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас нефрологы, Жамбыл облысының өңірлік трансплантолог – үйлестірушісі Баймұратова Аягөз Оразбековна тұрғындар ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізбекші, - деді.

Баймұратова Аягөз Оразбековна, өз сөзінде осы мәселе бойынша толық түсіндіру жұмысын егжей - текжейімен баяндап берді. Медицина саласындағы жаңа технологиялар мен әдістемелер, сондай-ақ ауыстырылған ағзалар мен донорлық мәселелер кеңінен талқыланды. Бұл тақырып қазіргі денсаулық сақтау жүйесінде ерекше маңызға ие, себебі трансплантация – көптеген науқастарды емдеудің тиімді әдістерінің бірі, - деді.

Баяндама соңында баяндамашыға аурухана қызметкерлері, Шаяхметова М, Қадырбекова З.Қ. салаларға қатысты сұрақтарын қойды.

Сонымен қатар, отырыс барысында түрлі саладағы мәселелер, атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім беру, сәулет және қала құрылыс, сондай-ақ автомобиль жолдары жөнінде айтылды. Осы бағыттар ауданда жүргізіліп жатқан жұмысты шолу мен зерделеуді қамтыды. Денсаулық сақтау саласында атқарылған жұмыстар мен медициналық қызметтердің сапасы айрықша назарға алынды.

Мониторингтік топ мүшелері аудандық емхана мен ауруханалардың не күтетінін, тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмек деңгейін көтеру үшін қандай шаралар қолға алынатынын таныстырды.

Талқылау барысында, Қордай ауданында тұрғындардың медициналық көмекке қол жеткізу деңгейі мәселесі сөз болды. Бұл тақырып болашақта денсаулық сақтау саласына қатысты қабылданатын шешімдер үшін маңызды болмақ. Сонымен қатар, ауылдардағы медициналық қызметтердің сапасын

арттыру мақсатында фельдшерлік-акушерлік пункттердің тиімділігін арттыру қажеттілігі аталды.

Білім беру саласында да бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Мамандар аудан мектептеріндегі білім сапасы, білім беру бағдарламалары мен оқушылардың нәтижелері жөнінде сөз қозғады. Аудандағы білім беру мекемелеріндегі инфрақұрылымның жағдайы мен оқушылар үшін заманауи білім беру технологияларын енгізу мәселесі зерделенді. Білім стандарттарының сәйкестігі, мұғалімдердің кәсіби біліктілігі және оқушылардың психологиялық жағдайы туралы пікірлер айтылды.

Сондай-ақ, ауданның дамуына байланысты сәулеттік жоспарлаудың маңызды тұстары талқыланды. Оған қоса, аудан инфрақұрылымын дамытуға қатысты ұсыныстар мен пікірлер айтылды, бұл аймақтағы өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Автомобиль жолдарының жағдайы мен оларды жөндеу, қайта жаңғырту бойынша мәселелер де қарастырылды. Жиында аудандық жолдардың сапасы, оларды дамыту үшін қажетті инвестиция көлемі және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру бағытындағы жоспарлар талқыланды.

Шарада Қордай ауданындағы қоғамдық дамудың өзекті мәселелерін шешуге қатысты көптеген пайдалы пікірлер мен ұсыныстар айтылды.

Келешекте аталған бағыттар бойынша қосымша жұмыстар жүргізу жоспарланды. Тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытында атқарылатын жұмыстар мен қоғамдық диалогтардың жалғасуы маңызды.

Кеңес отырысының қорытындысында, барлық талқыланған мәселелер бойынша ұсыныстар мен шешімдер ұсынылды.


Жиын соңында азаматтарды аталған салаларға қатысты сұрақтары бойынша қоғамдық қабылдау жүргізілді.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева